



Ақмола облысын дамыту жоспары аясында Колутон өзенінің арнасын тазарту жұмыстары жүргізілді. Жоба Старый Колутон ауылы мен Колутон станциясы маңындағы өзен жағалауын қамтыды. Жалпы құны 667,5 млн теңгені құрайтын жобаны «Көкшетау гидрогеология» АҚ жүзеге асырды, ал техникалық қадағалауды «Стандарт-Инжиниринг КЗ» ЖШС жүргізді.

Сондай-ақ «Қызыл Жұлдыз» лимандық суару жүйесіне күрделі жөндеу жүргізілді.

2026 жылғы 1 ақпаннан бастап «Көкшетау гидрогеология» ЖШС Колутон өзенінің арнасын тереңдету, жағалауды нығайту және су қорғау құрылыстарын салу жобасын іске асыруда. Құны 5 млрд теңгені құрайтын бұл жоба үш учаскеге бөлінген. Қазіргі уақытта бірінші және үшінші учаскелерде жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, Ирченко станциясындағы теміржол көпіріне қарай бағытталған су бұру арнасын кеңейту және

СУ ТАСҚЫНЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Аудан аумағында су өткізу және қорғаныс инфрақұрылымын күшейту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, су бағытын өзгерту арналары салынып, тазартылды. Қолданыстағы қорғаныс валдары нығайтылып, қорғаныс үйінділері күшейтілді. Сонымен қатар табиғи сайлар тазартылып, жол деңгейі көтерілді. Қауіпті учаскелерде су өткізу құрылыстары орнатылды.

тереңдету (ұзындығы 7700 м) жұмыстарының 800 метрі орындалды. Сонымен қатар арнаны тазарту және тереңдету жұмыстарының (жалпы ұзындығы 11300 м) 500 метрі атқарылды. Екінші учаскедегі жұмыстар тасқын кезеңі аяқталғаннан кейін басталады.

Төтенше жағдайларға дайындық аясында 8 мың дана қап, 550 мың тонна инертті материал және 17,5 мың тонна жанар-жағармай қоры жасақталды. Қазіргі таңда 175 адам, 168 техника, 47 мотопомпа және 4 жүзу құралы толық дайындыққа келтірілген.

Су тасқыны қаупі бар елді мекендерде 645 адамды қабылдай алатын 9 эвакуациялық пункт

дайындалды. Сонымен қатар үй жануарларын қауіпсіз жерге көшіруге арналған 9 арнайы орын белгіленген.

2026 жылғы 10 наурыздан бастап аудандық су тасқынына қарсы штаб жұмыс істеп, 15 наурыздан бері тәулік бойы қызмет атқаруда.

Мұз кептелістерінің алдын алу үшін жарылыс жұмыстарына шамамен 9,49 млн теңге бөлінді. Оның ішінде облыстық бюджеттен 4,34 млн, аудандық бюджеттен 5,15 млн теңге қарастырылған. Жұмыстарды «KMD-Holding» ЖШС жүзеге асырды. 10–13 наурыз аралығында Колутон, Баксук және Аршалы өзендерінде, сондай-ақ Старый Колутон, Новый Колутон, Ягодное, Колу-

СУ ТАСҚЫНЫ - 2026

тон және Жаңатурмыс ауылдарында жалпы аумағы 2000 шаршы метр жерде мұзды ұсақтау және кептелістерді жою жұмыстары жүргізілді.

Аудан аумағындағы автожолдарда 154 су өткізу құбыры мен 6 көпір бар. Оның ішінде республикалық маңыздағы жолдарда – 42 құбыр, 3 көпір; облыстықта – 58 құбыр, 2 көпір; аудандықта – 54 құбыр, 1 көпір орналасқан. Барлық нысандар қардан тазартылып, су өткізуге дайын күйге келтірілді.

Бүгінде Астрахан ауданындағы, соның ішінде Старый Колутон ауылындағы су тасқыны жағдайы тұрақты. Өзендердегі су деңгейі бақылауда, айтарлықтай көтерілу тіркелген жоқ. Елді мекендерді су басу қаупі жоқ, тұрғын үйлерді су алу фактілері анықталмаған. Жағдай аяқталмаған атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

Өз ақпаратымыз.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТАҒЫ ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІК

Жақында Қостанай қаласында гір спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Жарыс барысында қатысушылар өздерінің физикалық дайындығын, төзімділігін, шеберлігін және жеңіске деген жігерін көрсетті.



Аталған республикалық чемпионатта ауданның спортшылары да лайықты өнер көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Олар өздерінің табандылығы мен үздік дайындығының арқасында аудан намысын абыроймен қорғап, жүлделі орындарға ие болды.

Жарыстың ең жарқын жеңістерінің бірі - ардагерлер арасында өнер көрсеткен Алихан Берлигожинге тиесілі. Ол 60-65 жас аралығындағы спортшылар арасында, 85 келіден жоғары салмақ дәрежесінде бақ сынап, барлық қарсыластарынан басым түсіп, бірінші орынды иеленді.

Сонымен қатар, жас әрі талантты спортшы Эвелина Богдасарова да жоғары нәтиже көрсетті. Ол бірден екі санатта - 23 жасқа дейінгі жастар арасында және 18 жасқа дейінгі спортшылар арасында өнер көрсетіп, екі бірдей бірінші орынды жеңіп алды.

Жасөспірімдер арасында да жақсы нәтижелер тіркелді. Илья Шарюков 16 жасқа дейінгі санатта, 58 келі салмақ дәрежесінде күресіп, екінші орынды иеленді.

Ал Мансұр Симбаев 63 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жүлдеге бір қадам жетпей, төртінші орынға тұрақтады. Дегенмен, бұл нәтиже де оның болашағы зор спортшы

екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, демеушілердің қолдауы да спорттың дамуына үлкен үлес қосады. Осы орайда, «Ақ-Хилал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне және оның басшысы Руслан Экажевқа алғыс.

Мұндай жарыстардың маңызы зор. Олар салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, жастарды спортқа баулып, олардың бойында тәртіп, табандылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл – өңірлер арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтудың тиімді жолы.

Қостанай қаласында өткен республикалық чемпионат спортшыларымыз үшін нәтижелі болды. Бұл жеңістер – тек бастамасы. Алдағы уақытта біздің спортшыларымыз жаңа белестерді бағындырып, еліміздің намысын халықаралық аренада да абыроймен қорғайтынына сеніміміз мол.

Қорытындылай келе, спортшылардың жетістіктері – ауданның мақтанышы. Олардың табандылығы мен еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі деп білеміз. Спортшыларымызға алдағы жарыстарда тек жеңіс тілейміз!

Өз тілшіміз.

ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУ

Ауданымыздың білім саласында жаңа кадрлық өзгеріс орын алды. Білім бөлімінің басшысы қызметіне Марат Арғынбайұлы Мамраимов тағайындалды.

Марат Арғынбайұлы – білім беру саласында көп жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Ол әр жылдары жоғары оқу орындарында жауапты қызметтер атқарып, білім беру жүйесін дамытуға өз үлесін қосқан. Атап айтқанда, Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындарында бөлім басшысы, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, сондай-ақ ғылыми хатшы қызметтерін абыроймен атқарған.

Сонымен қатар, ол Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық тестілеу орталығында басшылық және сарапшылық қызметтерде жұмыс істеп,



білім сапасын арттыру бағытында маңызды жобаларды жүзеге асырған.

Жалпы еңбек өтілі 30 жылдан асатын тәжірибелі маман жаңа қызметінде ауданның білім беру саласын одан әрі дамытуға, сапалы білім мен тәрбие беруді жетілдіруге күш салмақ.

Жаңа басшыға жауапты қызметінде сәттілік.

НОВОЕ НАЗНАЧЕНИЕ

На должность директора детско-юношеской спортивной школы села Астраханка назначен Николай Александрович Савченко. Он зарекомендовал себя как ответственный специалист.

Николай Александрович родился 2 июня 1998 года в селе Новочеркасское Астраханского района. В 2018 году окончил Астанинский педагогический гуманитарный колледж, в 2021 году - Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова по специальности «учитель физической культуры и спорта».

Трудовую деятельность начал в 2018 году в городе Астана в качестве учителя физической культуры в школе-гимназии №32, где проработал до 2024 года. В 2024–2026 годах занимал должность методиста отдела образования Астраханского района управления образования Акмолинской области.

Имея опыт работы в



сфере образования и спорта, Николай Александрович зарекомендовал себя как профессиональный, инициативный, ответственный и целеустремленный специалист.

Желаем успешной и плодотворной работы на новой должности и достижения значимых высоких результатов.